

## Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 29-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 шілдеде № 4841 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 53-1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 03.03.2020 № 53-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 546-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы аумағында қызметтің жүзеге асыратын барлық салық төлеушілерге тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Тіркелген салық бірыңғай ставкаларды бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымындағы № 24-5 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-106 болып тіркелді, 2010 жылғы 14 тамыздағы "Дала дидары" газетінде, 2010 жылғы 14 тамыздағы "Ақжар-хабар" газетінде жарияланған);

2) "Тіркелген салықтың бірыңғай ставкаларын бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсанындағы № 39-3 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-135 болып тіркелді, 2012 жылғы 10 ақпандағы "Дала дидары" газетінде, 2012 жылғы 10 ақпандағы "Ақжар-хабар" газетінде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы

Р.Жамбаев

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихат  
хатшысының міндетін  
атқарушы

Р.Жамбаев

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар  
аудандық мәслихатының 2018 жылғы "\_4\_  
" \_шілде\_ №\_29-1\_ шешіміне қосымша

### Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

№	Салық салу объектісінің атауы	Бір айда тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	4
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, елді мекенде орналасқан уәкілетті ұйымның айырбастау пункті	10